

**2023 жылғы «БЖЗҚ» АҚ бөлімшелері қызметіндегі  
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі сараптау нәтижесі туралы  
№3 сараптамалық анықтама**

Алматы қ.

31 07 2024 ж.

**КІРІСПЕ**

2023 жылғы «БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі – Қор) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі сараптау жүргізу негіздемесі – Қордың Басқарма Төрағасының 2024 жылғы 15 қаңтардағы №46 бұйрық (бұдан әрі – №46 бұйрық).

№46 бұйрықтың қосымшасы 2024 жылғы «БЖЗҚ» АҚ орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің және филиалдарының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі сараптау жүргізу кестесіне (бұдан әрі – Кесте) сәйкес 2024 жылғы 2-тоқсандағы сараптау 2023 жылғы Қордың мынадай бөлімшелері мен филиалдарының (бұдан әрі – Бөлімшелер) қызметін қамтыды:

- 1) Тәуекел-менеджмент департаменті (ТМ);
- 2) Өңірлік даму департаменті (ӨДД);
- 3) Қызметкерлерді басқару департаменті (ҚБД);
- 4) Зейнетақы активтерін есепке алу және есептілік департаменті (ЗАЕЕД);
- 5) Заң департаменті (ЗД);
- 6) «БЖЗҚ» АҚ Қарағанды облыстық филиалы;
- 7) «БЖЗҚ» АҚ Қостанай облыстық филиалы;
- 8) «БЖЗҚ» АҚ Қызылорда облыстық филиалы;
- 9) «БЖЗҚ» АҚ Маңғыстау облыстық филиалы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс басқармасы (бұдан әрі – СКБ) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі сараптауды *Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Үлгілік қағидаларға, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметі) төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 488 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі сараптау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарға (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) сәйкес жүргізді.*

**ҚОР БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДЕГІ, ІШКІ НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАРДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АНЫҚТАУ**

Бөлімшелердің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде (бұдан әрі – НҚА) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің құралуына ықпал ететін нормалар табылған жоқ.

2023 жылы СКБ жүргізген 2022 жылғы «БЖЗҚ» АҚ-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі сараптау аясында Басқарма Төрағасының 15.02.2023 ж. №168 бұйрығына сай сараптауға ұсынылған ішкі нормативтік құжаттардың (бұдан әрі – ІНҚ) барлығы (200-ден астам) каралды; анықталған нормативтік тәуекелдер мен ұсынымдар тиісті №№1-4 сараптамалық анықтамаларда және іс-шаралар жоспарларында баяндалды; іс-шаралар жоспарларының орындалуы туралы өзекті ақпарат Қордың интернет-ресурсында орналастырылған.

Сонымен қатар СКБ 2023 жылы ағымдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама аясында бөлімшелер ұсынған Қордың ІНҚ жобаларының барлығын қарады. Осылайша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы жұмыстың тиімділігі мен нәтижелілігін арттыруға ықпал етпейтін нормативтік тәуекелдерді жою бойынша СКБ ұсынымдарының барлығы қабылданды.



СКБ ағымдағы қызметі шеңберінде 2024 жылдың 2-тоқсанында Басқарманың 12.07.2022 жылғы №44 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және әлеуметтік қолдау қағидасынан (бұдан әрі - Қағида) нормативтік тәуекел анықталды.

**Қор қызметкерлеріне сыйлықақы беру кезінде дискрециялықты жою мақсатында Қағидаға тиісті өзгерістер/толықтырулар енгізу ұсынылады.** Мұнымен бірге жана редакциядағы Қағида жобасын ҚБД СКБ-ға 26.07.2024 жылы жіберілгенін, және СКБ 29.07.2024 жылы жоғарыда көрсетілген тәуекелді болдырмау мақсатында өзгерістер/толықтырулар бойынша нақты ұсынымдар бергенін ескере келе, ұсыным жүзеге асырылды деп саналады және іс-шара жоспары көзделмеген.

Сарапталған НҚА және ІНҚ тізбесі осы сараптауға 1-қосымшада көрсетілді.

## **ҚОР БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ ҰЙЫМДЫҚ-БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АНЫҚТАУ**

### **1. Қызметкерлерді басқару:**

1) Қордың 31.12.2023 жылғы жағдай бойынша штат саны 1495 бірлік, оның ішінде Бөлімше саны – 365 бірлік;

2) ТМД-ға біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамның ауысу дерегі бар..

Меритократия қағидатын ескере отырып, көрсетілген мәселе бойынша біліктілік талаптарын бекітетін алқалы орган ретінде басқарма шешімінің болуы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

3) бос жұмыс орындары туралы мәліметтер: *«бос жұмыс орнының болуы, біліктілік талаптары, қажетті құжаттар тізбесі, іріктеудің әртүрлі кезеңдеріне жіберілген адамдар туралы ақпаратты орналастырмау, уақтылы және/немесе толық орналастырмау»* сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторы бойынша келесілер анықталды.

ҚР Әлеуметтік кодексінің 103-бабының 2-тармағының 1)-тармақшасына сай жұмыс беруші мемлекеттік қызметшілердің, сайланбалы мемлекеттік лауазымдардың, Қазақстан Республикасы Парламенті және мәслихаттары депутаттарының, судьяларының, әскери қызметтегі адамдардың, арнаулы мемлекеттік органдар, құқық қорғау органдары және мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен оның ведомстволары, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган жұмыскерлерінің бос лауазымдарын қоспағанда, бос орындар пайда болған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бос орындардың бар-жоғы туралы мәліметтерді Электрондық еңбек биржасына еңбек жағдайлары мен төлемін көрсете отырып орналастыруға міндетті.

Осылайша, сараптау нәтижесінде Қордың Қызылорда облыстық филиалында бос орын туралы мәлімет жарияланбаған 1 жағдай анықталды.

Қордың Қызылорда облыстық филиалы туралы ережеге, аталған филиалдың директорына Қордың Басқарма төрағасы берген 2023 жылға арналған нұсқаулыққа және сенімхатқа сәйкес ол қорда мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға (бұдан әрі – уәкілетті тұлға) теңестірілген тұлға ретінде кадрларды іріктеу және орналастыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады, кейбір лауазымдарды қоспағанда, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтарға, сондай-ақ филиал қызметкерлерімен жасалған еңбек шарттарына қол қояды.

Басқарманың 10.07.2023 жылғы №50 хаттамасымен бекітілген *«БЖЗҚ» АҚ-да кадрлық іс жүргізу нұсқаулығының 89-тармағының 2)-тармақшасына (бұдан әрі - Нұсқаулық) сәйкес, сарапталатын кезеңдегі жағдай бойынша* жұмыспен қамту орталықтарымен жұмыс Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасымен белгіленген тәртіппен (нысанда) және мерзімде жүзеге асырылатын іс-шараларды, оның ішінде халықты жұмыспен қамту орталығына жазбаша немесе «Электрондық еңбек биржасы» мемлекеттік ақпараттық порталы арқылы олар пайда болған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде еңбек жағдайы мен еңбекақыны көрсетіп, бос лауазымдардың болуы туралы мәлімет жіберуді қамтиды. Осылайша, Нұсқаулықтың бұл ережесі жалпы сипатқа ие, жалпы, Нұсқаулықта Қордың орталық аппараты мен филиалдарындағы бос жұмыс орны туралы, оның ішінде филиалда персонал жөніндегі маман



болмаған (жұмыстан босатылған) жағдайда ақпарат кім және қалай жіберілетіні тікелей және анық жазылмаған. Осылайша, 2024 жылдың 2-тоқсанында СТІС шеңберінде Қордың ҚР Әлеуметтік кодексінің Электрондық еңбек биржасында бос орынның болуы туралы ақпаратты орналастыру және әкімшілік жауапкершілікті қолдану міндеттілігі бөлігінде талаптарын бұзудың ұқсас қауіпін анықтау нәтижесінде СКБ ҚБД-ға Нұсқаулыққа тиісті түзетулерді бастамашылық жасауды ұсынды. Нұсқаулыққа қажетті өзгерістер/толықтырулар Қор Басқармасының 20.06.2024 жылғы №47 хаттамасымен бекітілді және келесілерді көздейді:

- еңбек ұтқырлығы орталықтарымен (мансаптық орталықтармен) жұмыс істеу «Электрондық еңбек биржасы» мемлекеттік ақпараттық порталында филиалдардың персоналы бойынша ҚБД/жетекші мамандардың еңбек жағдайлары мен төлемін көрсете отырып, олар пайда болған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде бос жұмыс орындарының болуы туралы мәліметтерді орналастыруды қамтиды;

- бос жұмыс орындарының болуы туралы мәліметтерді уақтылы орналастыруға, ОА бойынша өңірлік еңбек ұтқырлығы орталықтарына (мансаптық орталықтарға) мәліметтерді уақтылы ұсынуға ҚБД-ның жауапты қызметкері және ҚБД Кадрлық басқару бөлімшесінің басшысы жауапты болады; филиалдар бойынша бос жұмыс орындарының болуы туралы мәліметтерді уақтылы орналастыруға персонал жөніндегі жетекші мамандар, әкімшілік бөлімдердің бастықтары және филиалдардың директорлары жауапты болады.

Осыған байланысты көрсетілген тәуекел тәуекелдер картасында қайта көрсетілмейді және ұсыныс берілмейді.

Сонымен қатар, филиалдар тарапынан сипатталған бұзушылықтардың алдын алу мақсатында СКБ қосымша шара ретінде 26.07.2024 ж. ҚБД және Қор филиалдарына:

- нұсқаулыққа жоғарыда көрсетілген түзетулерді тиісінше орындау және алдағы СТІС аясында (2025 жылы) ары қарай СКБ-ға беру үшін жауапты қызметкерлердің бос жұмыс орындарын жариялаған кезде enbek.kz сайтына бос жұмыс орындарын орналастыру скриншоттарын дайындауы. Вакансия мен жұмыс орнының атауын дұрыс баяндау қажеттілігіне қосымша назар аударылды;

- enbek.kz және персоналды іріктеудің ашықтығын (hh.kz, аймақтық сайттар және басқа көздер) және кадрларды іріктеу кезінде олардың ҚБД/филиалын есепке алуды қамтамасыз ететін өзге де сыртқы көздер қамтамасыз ететін келіп түскен түйіндемелерді тиісті талдау (2025 жылы СТІС кезінде СКБ сұраныс салады);

4) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 28.09.2018 жылғы №73 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ қызметкерлерін қабылдау және бейімдеу қағидасының 9-тармағына сәйкес (бұдан әрі – Қабылдау қағидасы) кәсіптік тестілеуді өткізу жөніндегі талаптар осы ІНҚ-да көрсетілген адамдарды қоспағанда, барлық кандидаттарға қолданылады. Сонымен қатар, Бөлімшелер СКБ-ға 2023 жылдан бастап үміткерлермен өткізілген кәсіби тестілеу нәтижелерін ішінара – «Битрикс» КП-да кейбір сынақтардың сақталған нәтижелерінің болмауына байланысты ұсынды СКБ 2024 жылдың 1,2 тоқсандарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде осындай фактілерді анықтады және мынадай ұсынымдар берді:

- Қызметкерлерді басқару департаменті Қабылдау қағидаларында кейіннен олардың отуін растау үшін тест нәтижелерін сақтау рәсімі мен мерзімдерін ресімдесін, - бұл ұсыным орындалды, көрсетілген құжатқа тиісті өзгерістер/толықтырулар Басқарманың 12.04.2024 жылғы №29 шешімімен бекітілген.

- Цифрландыру департаменті кәсіптік тестілеу нәтижелерін «Битрикс» КП-да оларды ІНҚ-да белгіленетін мерзім ішінде сақтай отырып, түзету мен жою мүмкіндігінің болмауын қамтамасыз етсін, - Қордың Басқарма Төрағасының 19.02.2024 жылғы №181 бұйрығымен бекітілген 2023 жылғы «БЖЗҚ» АҚ бөлімшелерінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарына (№1 талдамалық анықтама) сәйкес аталған ұсыным 13.06.2024 жылы орындалды. Басқарушы директор «Битрикс» КП-да кәсіби тестілеу нәтижелерін түзету мен жоюдың мүмкін

еместігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды аяқтау және өнеркәсіптік пайдалануға қабылдауды пысықтау туралы актіні бекітті (27.05.2024 жылғы қызметтік жазба).

Осыған байланысты көрсетілген тәуекел қайта тәуекелдер картасында көрсетілмеді және ұсыным берілмеді;

5) сыбайлас жемқорлық қылмысын жасау туралы мәліметтердің болуы немесе болмауы туралы анықтама бермеген тұлғаларды жұмысқа қабылдау туралы мәліметтер – 2023 жылы Бөлімшелерге жұмысқа қабылданған қызметкерлер саны – 66 қызметкер, барлық кандидат сыбайлас жемқорлық қылмысын жасау туралы мәліметтердің болуы немесе болмауы туралы анықтама ұсынды;

6) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 28.12.2018 ж. №98 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Кадр мәселелері жөніндегі комиссиясы туралы ереженің (бұдан әрі – Ереже) 4-ші және 9-тармақтарына сәйкес:

- «БЖЗҚ» АҚ Кадр мәселелері жөніндегі комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) – Ережеде және Қордың басқа ІНҚ-да айқындалған өкілеттіктер аясында Қордың ішкі кадр саясатын іске асыратын Қордың тұрақты жұмыс істейтін алікалық органы;

- Комиссияның негізгі міндеті – Қордың бос лауазымдарына орналасу мәселелерін қарау.

Бөлімшелерге жұмысқа қабылданған барлық үміткер бойынша Комиссия отырыстарының хаттамалары ұсынылды;

7) тексерілетін Бөлімшелердің қызметкерлеріне қолданылған тәртіптік жаза шаралары – 9; мерзімінен бұрын алынған тәртіптік жаза шараларының саны – жоқ.

8) Қазақстан Республикасының заңнамасын, ІНҚ бұзған немесе бұзған тұлғаларға тәртіптік сипаттағы шаралар қолданбау туралы ақпарат – жоқ;

9) Нұсқаулықтың 145-тармағына сәйкес отбасылық мән-жайлар/денсаулық жағдайы бойынша (егер қызметкер уақытша еңбекке жарамсыздық парағын аспаған және лауазымдық міндеттерін қашықтан орындауға дайын болған жағдайда) қызметкердің өтініші және Қордың жетекшілік ететін басшысымен және Басқарма төрағасымен келісілген қызметкердің тікелей басшысының қызметтік жазбасы, Қордың Басқарма Төрағасының/ оны алмастыратын адамның бұйрығы болған кезде қашықтан жұмыс режимі немесе аралас қашықтан жұмыс режимі орнатылуы мүмкін. ҚБД берген 2023 жылы біріктірілген қашықтан/қашықтан жұмыс орнату туралы 19 бұйрықты талдау нәтижесінде барлық жағдайларда қашықтан жұмыс режимі бөлімшелердің қызметтік жазбалары/Қор қызметкерлерінің өтініштері негізінде белгіленгені анықталды. Сонымен қатар, көп жағдайда қашықтан/аралас қашықтан жұмыс жасауды және оның ұзақтығын анықтауға негіз болған отбасылық жағдайды/ денсаулық жағдайын растау ретінде қоса берілген құжаттар жоқ.

Қор процестерінің көп міндеттілігін ескере отырып, қашықтан жұмыс істеу қызметкердің жұмыс уақытын тиісті түрде есепке алуға, ағымдағы жұмыста мәселелерді шешу кезінде бөлімшелердің орындаушылары арасында жедел өзара іс-қимылдың болмауына, сондай-ақ құпия ақпараттың ағып кетуіне байланысты тәуекелдерді көтереді. Қосымша көрсетілген режимді тек жекелеген қызметкерлерге қатысты белгілеу басқа қызметкерлерде осындай негіздердің болуына байланысты объективтілікке күмән туғызады және өзге де қызметкерлердің наразылығына әкеп соғады. **Осыған байланысты, процестің ашықтығы және қашықтан жұмыс немесе аралас қашықтан жұмыс және оның ұзақтығын белгілеу кезінде дискрециялықты болдырмау мақсатында Нұсқаулыққа қызметкердің қашықтан жұмыс немесе аралас қашықтан жұмыс орнатуға өтінішіне қосымша туралы нормаларды, сондай-ақ қашықтан жұмыс немесе аралас қашықтан жұмыс белгілеу мерзімдерін реттейтін нормаларды енгізу ұсынылады;**

10) сараптау шеңберінде Бөлімшелердің қызметкерлеріне берілген 172 сенімхат қаралды, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі сараптау қорытындысы бойынша анықталған Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдар тізбесі осы сараптауға 2-қосымшада көзделген.

### 3. Мүдделер дауын реттеу:



«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 11.05.2023ж. № 6 шешімімен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа (тексеру кезеңіндегі жағдай бойынша) сәйкес:

- лауазымды тұлғалар, Уәкілетті тұлғалар және қызметкерлер өздерінің кәсіби қызметінде мінез-құлық нормаларын қатаң сақтауы, атап айтқанда, мүдделер қақтығысы болған кезде лауазымдық міндеттерін жүзеге асырмауы тиіс (12-тармақтың 8) тармақшасы);

- қызметкерлер тікелей басшысына қызметкерде мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігі немесе туындағаны туралы хабарлауға міндетті (13-тармақтың 3) тармақшасы);

- лауазымды тұлғалар, Уәкілетті тұлғалар және қызметкерлер өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде Қор мүддесін басшылыққа алуға және олардың жеке мүддесі Қор мүддесіне қайшы келетін жағдаяттардан немесе жағдайлардан аулақ болуға міндетті (25-тармақ);

- мүдделер қақтығысы туындаған (немесе оның туындау мүмкіндігі) жағдайда, лауазымды тұлғалар, Уәкілетті тұлғалар мен қызметкерлер «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 28.04.2017ж. №3 хаттамасымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауын басқару саясатына сәйкес тәртіппен және мерзімдерде мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашуға міндетті. Мүдделер қақтығысын басқару саясатында көзделген мүдделер қақтығысының алдын алу, анықтау және реттеу шаралары мен тәсілдері толық сипатта болмауы тиіс, себебі әрбір нақты жағдайда қалыптасқан мүдделер қақтығысының ерекшелігіне, мүдделер қақтығысын реттеу мақсаттарына қолданылатын шаралардың сәйкестік дәрежесіне қарай мүдделер қақтығысын реттеудің басқа нысандарын пайдаланылуы мүмкін (26-тармақ);

- тарабы лауазымды тұлға немесе онымен үлестес тұлғалар болып табылатын Қордың атынан мәмілелер жасау кезінде лауазымды тұлғалардың мүдделері қақтығысы болған жағдайда, мұндай мәмілелерді Қордың Директорлар кеңесі бекітеді. Директорлар кеңесінің төрағасы немесе мүшесі Қормен мүдделер қақтығысы туындайтын мәселе бойынша талқылауға және шешім қабылдауға қатыстырылмайды. Егер мәміле Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатта көзделген тәртіппен бекітілмеген болса, мүдделер қақтығысы болған кезде жасалған мұндай мәміленің нәтижесінде Қорға келтірілген залалды өтеу бойынша Қордың лауазымды тұлғасы/Уәкілетті тұлғасы жауапты болады (27-тармақ).

2023 жылы Бөлімшелерде мүдделер дауының деректері жоқ.

#### 4. Мемлекеттік қызметтер көрсету:

Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен құралған зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша Қор қызметтері Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік қызметтер тізіліміне енгізілген.

11.10.2018 ж. бастап зейнет жасына толған тұлғалар Қордан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алу мақсатында «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-ға жасына қарай зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін және Қордан зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы бірыңғай өтінішті Мемлекеттік корпорация «бір терезе» қағидаты бойынша көрсететін композиттік қызмет аясында береді.

Осы СКБ сараптауының аясында зейнетақы жинақтарының төлемдері мен аударымдарына қатысты 16 (23%) және сапасыз қызмет көрсетуге 7 (10%) шағым қаралды. 2023 жылы Қордың мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде расталған шағымдары **анықталған жоқ** (ЗАЕЕД ұсынатын деректерге сай «БЖЗҚ-дан МЗЖ, МКЗЖ есебінен құрылған зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру» 2023 жылғы мемлекеттік қызметтердің саны 352 912 құрады).

#### 5. Рұқсат беру функцияларын іске асыру:

Қор рұқсат беру функцияларын жүзеге асырмайды.

#### 6. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру:

Қор бақылау-тексеру функцияларын жүзеге асырмайды.

#### 7. Қаржылық қаражатты игеру және бөлу:

1) «БЖЗҚ» АҚ қызметін және стратегиялық даму жобаларын қамтамасыз ету үшін бюджетті (қаржылық жоспар) және күрделі шығыстар жоспарын әзірлеу, бекіту, түзету және бақылау тәртібі және жауапкершілік «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 01.04.2022ж. №22 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ бюджетін (қаржылық жоспар) мен күрделі шығыстар жоспарын әзірлеу, бекіту және бақылау нұсқаулығымен анықталған. Бұл ІНҚ-да:

- шығасының нормаланатын баптарының тізбесі, оларды есептеу тәртібі, шығасының нормаланатын баптары бойынша нормалар мен нормативтер мөлшері;
- бюджеттің орындалуы туралы есеп (қаржы жоспарын) және күрделі шығыстар жоспарын жасау;

- жоспарланатын жылға шығысты жоспарлау белгілері көзделген.

2024 жылға Қорд бюджеті Қор Басқармасының 26.12.2023 ж. №103 хаттамасымен бекітілді. 2023 жылы Бөлімшелердің бюджеттік өтінімдерді уақытылы бермеуі анықталған жоқ.

Басқарманың 10.07.2023 ж. №50 хаттамасымен бекітілген Ішкі есептілік тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) сәйкес Қор Басқармасы ай сайын Бюджетті жоспарлау және бақылау басқармасынан бюджеттің (қаржы жоспарының) және күрделі шығыстар жоспарының орындалуы туралы есеп алады.

2) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 7 маусымдағы № 40 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидасына сәйкес болу мақсатында Қорда тәуекелдерді басқару жүйесі жұмыс істейді, тиісті ІНҚ қабылданды (Директорлар кеңесінің 13.06.2023 ж. №8 шешімімен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ тәуекелдерді басқару саясаты, Басқарманың 28.05.2021ж. №36 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да негізгі және операциялық тәуекелдерді басқару қағидасы, Директорлар кеңесінің 28.04.2017 ж. №3 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ алаяқтық және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару саясаты және басқа да ІНҚ).

Тізбеге сәйкес Басқарма тоқсан сайын Тәуекел-менеджмент департаментінен тәуекелдерді басқару жүйесінің талаптарын сақтау (пайдалану) туралы ақпаратты, түйінді тәуекелдердің стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге әсерін талдау, тәуекел-сыйымдылық және тәуекел-толеранттылық деңгейлерінің (жиынтық және тәуекел түрлері бөлінісінде) сақталуын мониторингілеу және тәуекелдерге ден қою (тәуекелдерді азайту) жөніндегі іс-шараларды орындау нәтижелері, тәуекел-факторлар бөлінісінде көшумен тәуекелдер картасы туралы мәліметтерді алады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ағымдағы сараптау аясында СКБ Бөлімшелерге катысты 2023 жылғы Тәуекел оқиғалар журналының деректерін пайдаланды;

3) Қорда Ішкі аудит қызметі бар, ол «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесі бекітетін ішкі аудиттің жылдық жоспарына сәйкес аудиторлық тексерулер жүргізеді және олардың дайын болуына қарай Қор Басқармасына Қор қызметіндегі кемшіліктер туралы тұжырымдар мен жақсарту бойынша ұсынымдарды қамтитын тексеру нәтижелері бойынша есептер ұсынады. Аудиторлық тексерулер нәтижесі бойынша есептердің деректері 2023, 2024 жылдар ішінде тұрақты түрде СКБ-ге берілді және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ағымдағы ішкі сараптауда пайдаланылды;

4) тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды Қор Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына (бұдан әрі – ҚРҰБ Сатып алу қағидасы), «БЖЗҚ» АҚ-да тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидасына (бұдан әрі – Қордың сатып алу қағидасы),



Басқарманың 10.06.2020 ж. №43 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да азаматтық-құқықтық шарттарды/келісімдерді әзірлеу, келісу, қол қою, тіркеу, бұзу және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру нұсқаулығына сәйкес жүзеге асырады.

«БЖЗҚ» АҚ Басқарма Төрағасының 27.12.2023ж. №617 бұйрығымен бекітілген 2024 жылға тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу жоспары 27.12.2023 ж. АҚ сатып алу порталында және «БЖЗҚ» интернет-ресурсында орналастырылған.

Тауар бірлігі бағасының негізсіздігіне, сатып алу бойынша тауарлардың нарықтық құнының жоспарланған құнына сәйкес келмеуіне, Бөлімшелерге бекітілген сметалық тағайындауларға байланысты тәуекелдер анықталған жоқ.

«Сатып алуды бәсекелес жеткізушіге тиесілі ететін техникалық ерекшеліктерде «қайрау» деп аталатын сипаттамалардың болуы; «мемлекеттік аудит органдары тарапынан камералдық бақылау нәтижелері бойынша сатып алуды қайта қарау немесе күшін жою деректерінің болуы» индикаторлары бойынша Қорға қатысты төмендегілер белгіленеді. «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 28.10.2022ж. №10 шешімімен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ережеге және «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 13.10.2023 ж. №12 шешімімен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін ұйымдастыру қағидасына сай СКБ жүзеге асыратын камералдық бақылау аясында техникалық ерекшеліктерді түзету мақсатында 27.02.2023 жылы және 14.07.2023 жылы сатып алуды ұйымдастырушыларға 1 қызметтік жазба жолданды, сәйкессіздіктер жойылды.

Қосымша ТЖҚ сатып алуларына камералдық бақылау жүргізу нәтижесінде анықталған ұқсас бұзушылықтардың алдын алу шарасы ретінде СКБ 06.05.2024 жылы бюджеттік орталықтарға/филиалдарға ҚР заңнамасы талаптарының тиісінше орындалуын бақылауды күшейту және техникалық ерекшеліктерді жасау процесіне, әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін карауға және Қордан ТЖҚ сатып алудың өзге де процестеріне тартылған бағынышты тұлғалармен тиісті оқыту жүргізу қажеттілігі туралы **2024 жылдың 1-тоқсанында және 2023 жылы анықталған жөнсіздіктер тізбесімен** қызметтік жазба жіберілді.

Қордың Сатып алу қағидаларының 112-тармағына сәйкес ОА және филиалдардың электрондық сатып алу рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу процесіне бірыңғай және кешенді тәсілді қамтамасыз ету мақсатында ОА бюджеттік орталықтары жылына кемінде 1 (бір) рет филиалдарға басшылыққа ала отырып техникалық ерекшелікті әзірлейтін, электрондық сатып алу бейіні бойынша тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша біріздендірілген талаптар бойынша ұсынымдар береді. Аталған норма 2023 жылы СТПС нәтижелері бойынша СКБ ұсынымдарына сай енгізілді. Осы норманың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында 22.05.2024 жылы СКБ ағымдағы жылы филиалдар үшін сатып алу бейіні бойынша біріздендірілген талаптарды өзектендіру бойынша Қызметті қамтамасыз ету департаментіне (ҚҚД) және Инфрақұрылымды дамыту және қолдау департаментіне (ИДҚД) сұраныс жолдады. Ұсынылған есептерге сай ИДҚД біріздендірілген талаптарды өзектендірді, ҚҚД бойынша сұраныс жұмыс барысында.

Сараптау аясында СКБ Қордағы ТЖҚ сатып алулар шеңберінде 3 шағым мен 28 сұранысты қарады – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді анықталған жоқ.

5) «мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарын тексеру кезінде бұзушылықтарды анықтау деректерінің болуы», «жеткізушінің тауарды жеткізу, жұмыстар мен қызметтер көрсету шартынан туындайтын міндеттемелерді уақытылы және сапалы орындауы», «жеткізу шартының талаптарын тиісінше орындамаған жеткізушілерге қатысты ден қою шараларын уақытылы және толық қолдануы» Әдістемелік ұсынымдарына сай сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары бойынша СКБ 3 мемлекеттік органдардың тексерулерінің материалдары мен нәтижелерін, Қордың Проблемалық активтер комитеті отырыстарының 53 хаттамасы мен оның материалдарын қарады – сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. 2023 жылы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары Қорды тексерген жоқ.

Жеткізушілердің сметалық тағайындаулары Бөлімшелерге бекітілген шарттар бойынша міндеттемелерді орындамауы бөлігінде зейнетақы активтерін инвестициялау жөніндегі қызмет шеңберінде пайда болған берешекті ұзақ мерзімді реттемеу анықталды.

ЗАЕЕД СКБ-ға пайда болған берешекті Қорға қайтаруға және берешекті қайтаруға қатысты қатысы бар ұйымдармен хат алмасуды растайтын материалдар ұсынылған-қабылданған шаралар бөлігінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері табылған жоқ.

Сонымен қатар, ІНҚ-ны талдау нәтижесінде Қорда зейнетақы активтерін басқару кезінде пайда болған берешек жағдайында іс-қимыл тәртібін реттейтін нормалар жоқ екені анықталды. **Осыған байланысты, құқықтық олқылықты болдырмау мақсатында «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 24.10.2023 жылғы №79 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да талап-арыз жұмысын жүзеге асыру қағидасын зейнетақы активтерін басқару процесіне жұмылдырылатын контрагенттерге қатысты талап-арыз жұмысын жүзеге асыру мүмкіндігі бөлігіндегі нормалармен толықтыру ұсынылады.**

6) «сатып алатын тауарлар мен қызметтер саны мен көлемінің олардың нақты қажеттілігіне (табиғи нормаларға) сәйкес келмеуі» сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторы бойынша Әдістемелік ұсынымдарға сай сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ;

7) «банктердің ағымдағы шоттарында уақытша бос ақша қаражатын орналастыру тәртібіне, мониторинг жүргізу, бақылаудың тиісті шараларына және уәкілетті тұлғалардың дербес жауапкершілігіне регламент белгілейтін бекітілген құжаттың болмауы» сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторы бойынша Әдістемелік ұсынымдарға сәйкес СКБ 25.04.24ж. Қордың ІНҚ-сына ағымдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама аясында Инвестициялық портфельді сараптау басқармасына «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ меншікті активтерін басқару қызметін жүзеге асыру регламентінің жобасында уақытша бос ақшалай қаражатты орналастыру тәртібін регламенттеу бойынша ұсынымдармен қызметтік жазба жолдады, ағымдағы сараптау аясында көрсетілген тәуекел қарастырылмады;

8) 2017 жылғы 28 наурыздағы «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының меншікті активтерін сенімгерлік басқару шартына сәйкес меншікті активтер ҚР Ұлттық Банкіне (Сенімгерлік басқарушы) сенімгерлік басқаруға берілген және 31.12.2023ж. жағдай бойынша сонда болды. Шарттың 2.1-тармағына сәйкес Сенімгерлік басқарушы Қордың инвестициялық стратегиясына сәйкес және Сенімгерлік басқару шартының ажырамас бөлігі болып табылатын бекітілген инвестициялау лимиттері аясында инвестициялық шешімдерді өз бетінше қабылдайды.

#### **8. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасау:**

Шарттарды жасау тәртібі *Басқарманың 10.06.2020 ж. №43 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да азаматтық-құқықтық шарттарды/келісімдерді әзірлеу, келісу, қол қою, тіркеу, бұзу және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру нұсқаулығымен* көзделген, оған сәйкес бюджет орталықтары Қор жасайтын азаматтық-құқықтық шарттарды/келісімдерді әзірлеу кезінде және келісуге жіберілгенге дейін оларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені енгізуге міндетті (Басқарманың 13.12.2023 ж. №92 хаттамасымен бекітілген толықтырулар редакциясында). СКБ Бөлімшелер ұсынған 140 шартты қарады, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Қор контрагенттермен немесе үшінші тұлғалармен жасаған шарттар (келісімшарттар, келісімдер) бойынша туындайтын не зиян келтіру салдарынан міндеттемелерден шығатын дауларды сотқа дейін және сот арқылы шешу тәртібімен Қорда талап-шағымдық жұмыс жүргізу тәртібі *Басқарманың 29.11.2019 ж. №78 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да талап-шағымдық жұмысты жүзеге асыру қағидасымен* көзделген. СКБ Заң департаменті ұсынған шағымдық жұмысы бойынша 7 материалды қарады, бұл бағыт бойынша Бөлімшелер қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

#### **9. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану:**

СКБ Қор сатып алған және Бөлімшелер пайдаланатын 30 ақпараттық жүйелерді қарады.



«Жобаны қосарланған қаржыландыру», «IT-саланың дамуына әсер етпейтін жобаларды қаржыландыру», «қызметтер құнының негізділігін тексеру тетігінің болмауы, нарықта IT-өнімнің түпкілікті құнын жасанды түрде көтеруге ықпал ететін осындай әзірлемелердің болуы», «зияткерлік меншік нысаны ретінде тікелей шарт жасау арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу арқылы сатып алу», «әлеуетті жеткізушілер ретінде конкурсқа үлестес ұйымдар қатысқан кездегі жасанды бәсекелестік», «ақпараттық жүйелердің қайталануы», «ақпараттық жүйелердің ашық болмауы», «талап етілмеген ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалануға берілмеген ақпараттық жүйелерді пайдалану», «ақпараттық жүйелер аудитінің болмауы» индикаторлары бойынша тәуекелдер **анықталған жоқ**.

#### 10. Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын басқа мәселелер:

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты ұйымдастыру:** Қордың Директорлар кеңесінің 28.10.2022 ж. №10 шешіміне сәйкес Қорда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімше болып табылатын СКБ құрылды.

Қордың Директорлар кеңесінің 26.12.2022 жылғы № 14 шешімімен 2023 жылға «БЖЗҚ» АҚ-да сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді; Директорлар кеңесінің 11.12.2023 ж. №15 шешімімен 2024 жылға «БЖЗҚ» АҚ-да сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді.

2023 жылы СКБ Қордың Басқарма Төрағасының 15.02.2023 ж. №168 бұйрығы негізінде 2022 жылғы «БЖЗҚ» АҚ-ның 36 бөлімшесі мен филиалдарының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі сараптау жүргізді, сараптамалық анықтамаларға қол қойылды, 2022 жылғы «БЖЗҚ» АҚ бөлімшелерінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі сараптау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша іс-шаралар жоспарлары, орындалуы туралы ақпарат дайындалып, Қордың интернет-ресурсының арнайы бөлімінде орналастырылды.

2023 жылы СКБ тұрақты түрде Уәкілетті тұлғалармен, орта буын басшыларымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру бойынша оқыту жүргізді. 04.04.2023 ж. және 31.05.2023ж. аралығында «БЖЗҚ» АҚ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы және ІНҚ» тақырыбында қызметкерлерді қашықтан оқытуды ұйымдастырды және өткізді.

Уәкілетті тұлғалар Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 12-бабында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы келісімге қол қойып, Қорға ұсынды; Бөлімшелерде жұмыс істейтін Уәкілетті тұлғалардың келісімдерінің болуын СКБ тексерді; сондай-ақ Уәкілетті тұлғалардан заңды тұлғаларға қатысудың, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың болуын / болмауын растайтын Еgov сайтынан / ұялы қосымшасынан скриншоттар сұралды және тексерілді – бұл бөлімде сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау деректері **анықталған жоқ**.

Бөлімшелер қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту деректері **анықталған жоқ**.

СКБ Бөлімшелерде жұмыс істейтін Уәкілетті тұлғалардың және олардың жұбайларының табысы мен мүлкі туралы декларацияны тапсырғаны туралы хабарламаларды сұрады және тексерді, бұл бөлікте қаржылық бақылау шараларын сақтамау деректері анықталған жоқ.

Қордың интернет-ресурсында Қордың лауазымды тұлғалары, қызметкерлері дайындап жатқан, жасап жатқан немесе жасаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы туралы ақпаратты беруге арналған байланыс арналары мен құралдары (сыбайлас жемқорлық және алаяқтық мәселелері бойынша жедел желі, электрондық пошта мекенжайы, пошта мекенжайы, Байланыс орталығының нөмірі) туралы ақпарат баяндалған. Сонымен қатар, аталған ақпарат Қор филиалдарының кеңселеріндегі ақпараттық стендтерде орналастырылған.

Сыбайлас жемқорлық деректері туралы хабарлаған тұлғаларды заңсыз жазалаудан, жұмыстан шығарудан немесе қысым көрсетудің басқа шараларынан қорғаудың құқықтық тетіктері «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 13.10.2023 ж. №12 шешімімен бекітілген «БЖЗҚ»

АҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін ұйымдастыру қағидасында және Директорлар кеңесінің 09.08.2023 ж. №9 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл нұсқаулығында көзделген.

2023 жылы аталған байланыс арналары бойынша Қордың лауазымды тұлғалары, қызметкерлері жасаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы хабарламалар түскен жоқ; жеке және заңды тұлғалардан, оның ішінде БАҚ-та Қор қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық сипатындағы заңсыз әрекеттер туралы шағымдар **анықталған жоқ**.

**11. Қызмет ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету:** www.enpf.kz интернет-ресурсына Қазақстан Республикасының «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңының 16-бабы 8-тармағының талаптарына, Директорлар кеңесінің 17.07.2019 ж. №5 шешімімен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да ақпарат ашу қағидасының ережелеріне және «БЖЗҚ» АҚ сыртқы және ішкі есептілік тізбесіне сай барлық ақпарат орналастырылды.

Қордың Басқарма Төрағасының блог-платформасы 2017 жылдан 2021 жылға дейінгі кезеңде www.enpf.kz интернет-ресурсында жұмыс істеді. 2021 жылдан бастап электрондық үкіметтің ашық диалог интернет порталында «БЖЗҚ» АҚ Басқарма Төрағасының блог-платформасы арқылы келіп түскен сұраныстарға жауаптар ұсынылады.

Қор депозитарийдің интернет-ресурсында қаржылық есептілікті жариялайды және өзінің интернет-ресурсында қаржылық есептілікті, аудиторлық есепті, Қордың ішкі құжаттарын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде орналастырады. Осылайша, БЕД 29.08.2023 ж. қаржылық есептілік депозитарийінің және 28.08.2023ж. Қордың интернет-ресурстарында 2022 жылғы меншікті активтер бойынша аудиторлық есепті орналастырды.

2023 жылы Қордың интернет-ресурсында келесі ақпарат орналастырылды/жаңартылды:

- 1) ЗАЕЕД дайындаған:
  - 2023 жылғы зейнетақы активтері туралы қор көрсеткіштерінің динамикасы;
  - 2023 жылғы Қазақстан Республикасының облыстары/қалалары бойынша зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының саны туралы есептер;
  - 2023 жылдың кез келген айының алғашқы күніндегі жағдай бойынша «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы;
  - 2022 жылғы зейнетақы активтері бойынша жылдық аудиторлық есеп (28.08.2023 ж. орналастырылды);
  - ЗАЕЕД құзыреті шеңберінде Қор қызметтерін тұтынушыларға арналған әдістемелік материалдар;

2) НҚА және ИНҚ – ЗД-ның 14 қызметтік жазбасының негізінде;

3) Қордың ұйымдық құрылымындағы өзгерістер - ҚБД-ның 9 қызметтік жазбасының негізінде.

Қордың жанында 2017 жылдан бастап мүдделі тараптармен тиімді қарым-қатынасты қамтамасыз ету, халықтың мәселелерін барынша қамту, жинақтаушы зейнетақы жүйесі (бұдан әрі – ЖЗЖ) бойынша азаматтық қоғамның (салымшылар мен алушылардың) пікірін зерделеу, ЖЗЖ жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу, бірыңғай ақпараттық кеңістікте ЖЗЖ жұмысының қағидаттарын түсіндіру мақсатында Қоғамдық кеңес жұмыс істейді. 2023 жылы Қоғамдық кеңестің жұмысы Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамдық кеңес туралы ереженің талаптарына сай қаралатын мәселелер аясында жалғасты (www.enpf.kz интернет-ресурсының «Қоғамдық кеңес» бөлімінде отырыс хаттамаларымен бірге орналастырылған).

Бұл бағыт бойынша тексерілген Бөлімшелер қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері **анықталған жоқ**.

Қосымша:

- 1) Сарапталған НҚА және ИНҚ тізбесі;
- 2) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі сараптау қорытындысы бойынша анықталған, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдар тізбесі;



3) 2023 жылғы «БЖЗҚ» АҚ бөлімшелерінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі сараптау нәтижесі бойынша тәуекелдер картасы.

**Басқарма Төрағасы**



**Ж. Курманов**

*Орынд. Жукенова А.С.  
тел.8 (727) 331 66 99  
ішкі 7736*



### Сарапталған құжаттар тізімі

#### Нормативтік құқықтық актілер

- 1) Қазақстан Республикасының 20.04.2023 жылғы № 224-VII Әлеуметтік кодексі;
- 2) 25.12.2017 жылғы №120-VI «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексі (Салық кодексі);
- 3) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- 4) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі;
- 5) «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі;
- 6) Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі;
- 7) Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі;
- 8) «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- 9) «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- 10) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- 11) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- 12) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- 13) «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- 14) «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- 15) «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- 16) «Оналту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- 17) «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- 18) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018.08.27 №192 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 50 және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу қағидасы;
- 19) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі № 195 «Зейнетақы активтері бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және ашу» қаржылық есептілік стандартын бекіту туралы» қаулысы;
- 20) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.06.2023ж. № 58 қаулысымен бекітілген Зейнетақы активтерін есепке алу мен бағалауды жүзеге асыру қағидасы;
- 21) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының есептілік тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды ұсыну қағидасын бекіту туралы» қаулысы;
- 22) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.06.2023 ж. № 26 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының интернет-ресурсында зейнетақы активтері есебінен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерді жариялау қағидасы мен мерзімдері, сондай-ақ Инвестициялық портфельді басқарушылар туралы ақпаратты, оның ішінде бірыңғай



жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарттар жасаған инвестициялық портфельді басқарушылардың тізбесін ашу қағидаы мен көлемі;

23) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 29 маусымдағы №43 «Ведомстволық статистикалық байқаулардың нысандарын бекіту туралы» қаулысы (Бейрезиденттермен бағалы қағаздар бойынша халықаралық операциялар туралы есеп 15-пб);

24) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы №41 қаулысымен бекітілген Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілігін ұсыну қағидасы;

25) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 69 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулық;

26) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 12 қазандағы №95 «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау қағидасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» қаулысы;

27) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №613 «Өз тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйым мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген жеке тұлғаға қаражат төлеу қағидасын бекіту туралы» бұйрығы;

28) Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг жүргізу агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 22 ақпандағы №13 «Қаржылық мониторинг субъектілерінің қаржылық мониторинг жүргізілуі тиіс операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты және күдікті операцияны айқындау белгілерін ұсыну қағидасын бекіту туралы» бұйрығы;

29) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы №140 «Қаржылық мониторинг субъектілері іскерлік қатынастарды қашықтан орнатқан жағдайда клиенттерді тиісінше тексеруге қойылатын талаптарды бекіту туралы» қаулысы;

30) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 30 қарашадағы №114 «Банктерді, Қазақстан Республикасының резиденті емес банктердің филиалдарын таратуды, қызметін мәжбүрлеп тоқтатуды жүзеге асыру қағидасын және Банктерді, Қазақстан Республикасының резиденті емес банктердің филиалдарын тарататын, қызметін мәжбүрлеп тоқтататын тарату комиссияларының жұмысына қойылатын талаптарды бекіту туралы» қаулысы.

31) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 7 маусымдағы № 40 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидасы.

## Ішкі нормативтік құжаттар

- 1) Директорлар кеңесінің 16.09.2020 ж. №8 шешімімен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ есеп саясаты;
- 2) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 31.03.2021ж. №20 хаттамасымен бекітілген Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы операциялардың есебін және «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы активтері мен міндеттемелерінің бухгалтерлік есебін жүргізу қағидасы (2023 жылы «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 29.06.2023ж. №47 хаттамасымен Жеке зейнетақы шоттарында операциялардың есебін және «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы активтері мен міндеттемелерінің бухгалтерлік есебін қағидасы бекітілген);
- 3) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 21.12.2023 ж. № 100 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Зейнетақы активтерін есепке алу және есептілік департаменті туралы ереже;
- 4) «БЖЗҚ» АҚ Зейнетақы активтерін есепке алу және есептілік департаменті қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары;
- 5) «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 28.04.2017ж. №3 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-ның қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауын басқару саясаты;
- 6) «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 11.10.2017ж. №5 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Басқармасы туралы ереже;
- 7) «БЖЗҚ» АҚ Заң департаменті туралы ереже;
- 8) «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 25.01.2019ж. №2 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ құқықтық тәуекелдерді басқару саясаты;
- 9) «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 17.07.2019ж. №5 шешімімен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да ақпаратты ашу қағидасы;
- 10) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 19.05.2017ж. №21 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ проблемалы активтер комитеті туралы ереже;
- 11) «БЖЗҚ» АҚ басқармасының 10.06.2020ж. №43 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да азаматтық-құқықтық шарттарды/келісімдерді әзірлеу, келісу, қол қою, тіркеу, бұзу және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру нұсқаулығы;
- 12) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 27.04.2022 ж. №28 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ үшін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру қағидасы;
- 13) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 30.05.2023 ж. №40 хаттамасымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ проблемалы активтермен жұмыс істеу қағидасы;
- 14) «БЖЗҚ» АҚ басқармасының 01.08.2023 ж. №55 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ қызметін тексеруді жүзеге асыру кезінде «БЖЗҚ» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің қарым-қатынасын ұйымдастыру қағидасы;
- 15) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 24.10.2023 ж. №79 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да талап-арыз жұмысын жүзеге асыру қағидасы;
- 16) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 24.10.2023 ж. №79 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да ішкі нормативтік құжаттарды, сенімхаттарды ресімдеу және заңнамаға мониторинг жүргізу қағидасы;
- 17) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 25.02.2022 ж. №13 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да ішкі бақылауды, клиенттерді сәйкестендіруді және қаржылық мониторингті ұйымдастыру тәртібі туралы нұсқаулық;
- 18) «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 03.09.2014 ж. №1 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Қарағанды облыстық филиалы туралы ереже.
- 19) «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 03.09.2014 ж. №1 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Қызылорда облыстық филиалы туралы ереже.
- 20) «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 03.09.2014 ж. №1 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Маңғыстау облыстық филиалы туралы ереже.



- 21) «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 03.09.2014 ж. №1 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Қостанай облыстық филиалы туралы ереже.
- 22) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 30.10.2023 ж. №80 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Қызметкерлерді басқару департаменті туралы ереже;
- 23) «БЖЗҚ» АҚ Қызметкерлерді басқару департаменті қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары;
- 24) Басқарманың 23.08.2023 ж. №62 хаттамасымен бекітілген "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамының лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары;
- 25) Басқарманың 22.12.2022 ж. №95 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да аттестациядан өткізу қағидасы;
- 26) Басқарманың 28.09.2018 ж. №73 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ қызметкерлерін қабылдау және бейімдеу қағидасы;
- 27) Басқарманың 18.04.2018 ж. №30 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да кадр резервін қалыптастыру және дайындау қағидасы;
- 28) Басқарма Төрағасының 19.07.2019 жылғы №144-Ж/Қ "БЖЗҚ "АҚ Басқарма Төрағасы, Басқарма төрағасының орынбасарлары, басқарушы директорлары арасындағы міндеттерді бөлуге қатысты" бұйрығы;
- 29) Басқарманың 28.12.2018 ж. №98 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ кадр мәселелері жөніндегі комиссиясы туралы ереже;
- 30) «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 03.12.2014 ж. №5 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексі;
- 31) Басқарманың 10.07.2023 ж. №50 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да кадрлық іс жүргізу нұсқаулығы;
- 32) Басқарма Төрағасының 29.12.2022 ж. №639 бұйрығымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ қызметкерлері бойынша ақпаратты/мәліметтерді еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне енгізу бойынша жаднама;
- 33) Басқарманың 28.09.2021 ж. №67 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолдану қағидасы;
- 34) Басқарманың 04.06.2021 ж. №37 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ ішкі еңбек тәртібінің қағидасы;
- 35) Басқарманың 27.07.2018 ж. №57 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да тәжірибе ұйымдастыру және өткізу қағидасы;
- 36) Басқарманың 23.06.2021ж. №42 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру қағидасы;
- 37) Басқарманың 12.07.2022 ж. №44 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және әлеуметтік қолдау көрсету қағидасы;
- 38) Басқарманың 04.11.2020 ж. №90 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ қызметкерлерінің "Шұғыл желі" ішкі байланыс арналарын ұйымдастыру және пайдалану нұсқаулығы;
- 39) Басқарманың 25.06.2018 ж. № 46 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Қызметкерлерді басқару саясаты;
- 40) Басқарманың 05.01.2018 ж. №1 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ қызметкерлері мен бөлімшелерін моральдық көтермелеу тәртібі туралы қағида;
- 41) «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 13.06.2023 ж. №3 шешімімен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ тәуекелдерді басқару саясаты;
- 42) «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 28.04.2017 ж. №3 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ алаяқтық және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару саясаты;
- 43) Директорлар кеңесінің 06.03.2018 ж. №3 шешімімен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ үздіксіз қызметін басқару саясаты;
- 44) «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 28.04.2017 ж. №3 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру саясаты;

- 45) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 28.05.2021 ж. №36 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-дағы негізгі және операциялық тәуекелдерді басқару қағидасы;
- 46) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 24.10.2019 ж. №70 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ қаржылық (инвестициялық) тәуекелдерді басқару қағидасы;
- 47) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 29.06.2023 ж. №47 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ үздіксіз қызметін басқару үдерісін ұйымдастыру қағидасы;
- 48) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 30.12.2022 ж. №100 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі қызметінің нәтижелілігін бағалау әдістемесі;
- 49) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 30.12.2022 ж. №100 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі қызметінің нәтижелерін бағалау әдістемесі;
- 50) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 30.12.2022 ж. №100 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да тәуекелдердің негізгі индикаторларын әзірлеу әдістемесі;
- 51) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 23.06.2023 ж. №46 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ тәуекел сыйымдылығын және тәуекелге төзімділікті есептеу әдістемесі;
- 52) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 24.10.2019 ж. № 70 хаттамасымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының қаржылық (инвестициялық) тәуекелдерін басқару қағидасы;
- 53) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 16.02.2022 ж. № 9 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ меншікті активтерімен жұмысты ұйымдастыру, зейнетақы және меншікті активтерінің инвестициялық портфельдері туралы ақпарат беру қағидасы;
- 54) «БЖЗҚ» АҚ Тәуекел-менеджмент департаменті қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары;
- 55) Басқарманың 18.08.2020 ж. №62 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Тәуекел-менеджмент департаменті туралы ереже;
- 56) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 23.07.2021 ж. №78 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ филиалдарын/бөлімшелерін/қызмет көрсету орталықтарын ашу, жабу, орналасқан жерін ауыстыру және қашықтағы жұмыс орындарын ұйымдастыру тәртібі туралы нұсқаулық;
- 57) Басқарманың 04.04.2023 ж. №24 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қызметтерін тұтынушыларға барып қызмет көрсету қағидасы;
- 58) Басқарманың 04.04.2023 ж. №24 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ филиалдарының қызметін операциялық жоспарлау және басқару қағидасы;
- 59) Басқарманың 06.03.2023 ж. №15 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ филиалдарының қызметкерлері үшін корпоративтік ұялы байланыс қызметтерін және Интернетке қатынау қызметтерін (3G/4G) ұсыну қағидасы;
- 60) Басқарманың 29.06.2023 ж. №47 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ ақпараттық жүйесінде міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың (зейнетақы төлемдерін алушылардың) деректеріне рұқсат құқықтарын айқындау регламенті;
- 61) Басқарманың 05.07.2019 ж. №38 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарында міндетті зейнетақы жарналары салымшыларымен, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалармен (зейнетақы төлемдерін алушылармен) жұмысты ұйымдастыру регламенті;
- 62) Басқарманың 18.04.2018 ж. №30 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ өңірлік бөлімшелерінің үй-жайларын/ғимараттарын кеңселік жиһазбен және корпоративтік сәйкестендіру элементтерімен жабдықтау стандарты;
- 63) Басқарманың 18.04.2018ж. №30 хаттамасымен бекітілген Филиалдар/бөлімшелер/қызмет көрсету орталықтары/қашықтағы жұмыс орындары үшін «БЖЗҚ» АҚ жалға алатын/меншігіндегі үй-жайлар/ғимараттар стандарты;

64) Басқарманың 16.08.2021 ж. №56 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ электрондық кезекті басқару жүйесімен жұмыс стандарты;

65) Басқарманың 13.01.2023 ж. №3 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қызметтерін тұтынушыларға жүзбе-жүз қызмет көрсету стандарты;

66) Басқарманың 18.08.2020 ж. №62 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Өңірлік даму департаменті туралы ереже;

67) «БЖЗҚ» АҚ Өңірлік даму департаменті қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары.





2023 жыл үшін «БЖЗҚ» АҚ бөлімшелерінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі сараптау нәтижесі туралы №3 сараптамалық анықтамаға 3-қосымша

2023 жылғы «БЖЗҚ» АҚ бөлімшелерінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі сараптау нәтижесі бойынша тәуекелдер картасы (№3 сараптамалық анықтама)

№ р/р	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі сараптау қорытындылары бойынша ұсынымдар	ІНҚ / бизнес-үдеріс атауы	Аяқтау нысаны	Тәуекелді бағалау	Тәуекел индикаторы
1.	Қор қызметкерлеріне сыйлықақы беру кезінде дискрециялықты болдырмау мақсатында Басқарманың 12.07.2022 ж. №44 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және әлеуметтік қолдау көрсету қағидасына өзгерістер/толықтырулар енгізу ұсынылады.	Басқарманың 12.07.2022 ж. №44 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және әлеуметтік қолдау көрсету қағидасы	Қызметтік жазба	Сирек, елеусіз	
2.	Үдерістің ашықтығы және қашықтан жұмыс немесе аралас қашықтан жұмыс белгілеу кезіндегі дискрециялықты болдырмау мақсатында Басқарманың 10.07.2023 ж. №50 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да кадрлық іс жүргізу нұсқаулығына қызметкердің қашықтан жұмыс немесе аралас қашықтан жұмыс белгілеуге өтінішіне растайтын құжаттарды қоса беру туралы нормаларды, сондай-ақ «БЖЗҚ» АҚ-да кадрлық іс жүргізу нұсқаулығына қашықтан жұмыс немесе	Басқарманың 10.07.2023 ж. №50 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да кадрлық іс жүргізу нұсқаулығы	Қызметтік жазба	Анда-санда, елеусіз	

	<p>аралас қашықтан жұмыс белгілеу мерзімдерін реттейтін нормаларды қосу ұсынылады.</p>				
3.	<p>Құқықтық олқылықты болдырмау мақсатында «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 24.10.2023 жылғы №79 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да талап-арыз жұмысын жүзеге асыру қағидасын зейнетақы активтерін басқару барысында жұмылдырылатын контрагенттерге қатысты талап-арыз жұмысын жүзеге асыру мүмкіндігі бөлігіндегі нормалармен толықтыру ұсынылады.</p>	<p>Талап-арыз жұмысы</p>	<p>Қызметтік жазба</p>	<p>Сирек, ірі</p>	

	<p>Құқықтық олқылықты болдырмау мақсатында «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 24.10.2023 жылғы №79 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да талап-арыз жұмысын жүзеге асыру қағидасын зейнетақы активтерін басқару барысында жұмылдырылатын контрагенттерге қатысты талап-арыз жұмысын жүзеге асыру мүмкіндігі бөлігіндегі нормалармен толықтыру ұсынылады.</p>	<p>Талап-арыз жұмысы</p>	<p>Қызметтік жазба</p>	<p>Сирек, ірі</p>	
--	--	--------------------------	------------------------	-------------------	--

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АКАДЕМИЯСЫ  
 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АКАДЕМИЯСЫ  
 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АКАДЕМИЯСЫ

### Тәуекелдер ықтималдылығын бағалау өлшемшарттары

Балл	Мәні	Іске асу жиілігі	Іске асу ықтималдылығы
1	Өте сирек	Соңғы 5 жылда сараптау нысанының қызметінде тіркелген жекелеген оқиғалар.	Оқиға өте сирек жағдайларда немесе 1%-ға дейінгі іске асу ықтималдылығымен іске асуы мүмкін.
2	Сирек	Соңғы 2 жыл ішінде сараптау нысанының қызметінде аса белгілі емес немесе тіркелген оқиғалар	Оқиға сирек жағдайларда немесе 1%-дан 10%-ға дейінгі іске асу ықтималдылығымен іске асуы мүмкін.
3	Кейде	Оқиға сараптау нысанының қызметінде соңғы жыл ішінде тіркелді.	Тәуекелдің іске асу ықтималдылығы 11%-дан 25%-ға дейін.
4	Жиі	Оқиға сараптау нысанының қызметінде соңғы жарты жыл ішінде тіркелді.	Тәуекелдің іске асу ықтималдылығы 26%-дан 50%-ға дейін.
5	Өте жиі	Оқиға соңғы жарты жыл ішінде бірнеше рет тіркелді.	Оқиғаның іске асу ықтималдылығы 50%-дан 100%-ға дейін өте жоғары.

### Тәуекелдердің әсерін бағалау өлшемшарттары

Балл	Әсер ету деңгейі	Салдардың жалпы сипаттамасы	Комплаенс/Талаптарды сақтау
1	Елеусіз	Тәуекел іске асқан жағдайда қандай да бір теріс салдардың болмауы	Реттеу талаптарын елеусіз бұзу. Сараптау нысанының қызметкерлерін әкімшілік және/немесе өзге де жауапкершілікке тарту үшін негіздердің болмауы. Сараптау нысанына қатысты айыппұлдардың, өсімпұлдардың, тұрақсыздық айыбының және басқа да қаржылық бұзушылықтардың болмауы. Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін бұзушылықтардың болмауы.
2	Елеулі	Тәуекелдің іске асу салдары шамалы	Реттеуші талаптардың шамалы бұзылуы. Сараптау нысанының қызметкерлерінен айыппұлдарды мүмкін өндіріп алу туралы ескертулер. Айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбын мүмкін өндіріп алу туралы ескерту алу және сараптау нысанына қатысты басқа да қаржылық бұзушылықтарды анықтау.
3	Ірі	Тәуекелдің іске асу салдары маңызды, бірақ оларды толығымен түзетуге болады	Айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы және басқа қаржылық бұзушылықтардың туындауына апарып соқтыруы мүмкін реттеуші талаптарды бірнеше рет бұзу. Сараптау нысандары қызметкерлерінен айыппұлдарды өндіріп алу. Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін бұзу.
4	Аса маңызды	Тәуекелдің іске асу салдары аса маңызды, бірақ белгілі бір	Реттеу талаптарын елеулі бұзу, соның салдарынан сараптау нысаны айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбын және басқа төлеуге міндетті. Сараптау нысанының қызметкерлерін әкімшілік



		деңгейге дейін түзетуге болады	немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту. Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін бұзу.
5	Апаттық	Тәуекелдің іске асу салдары аса маңызды және оларды түзету мүмкін емес. Тәуекелдің өтелмейтін салдары бар.	Ірі айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы және басқа да төлемдерге, сондай-ақ берілген лицензияларды (болған жағдайда) қайтарып алуға апарып соқтырған реттеуші талаптардың шектен тыс бұзылуы немесе бірнеше қаржылық бұзушылық. Қызметкерлерді бірнеше рет әкімшілік/қылмыстық және/немесе өзге де жауапкершілікке тарту. Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін бұзу.

Тәуекелдер картасы сараптау нысанының анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейімділігінің графикалық бейнесін көрсетеді:


Тәуекелдер картасы әр түрлі түстермен ерекшеленетін бірнеше бөлікке бөлінеді:

Қызыл аймақ – орын алу ықтималдылығының жоғары болуына байланысты не сараптау нысанындағы сыбайлас жемқорлық деңгейіне әсер етуі мүмкін салдардың елеулі әлеуетіне байланысты не екі фактордың себебімен сараптау нысаны үшін аса маңызды және/немесе апаттық болып табылатын тәуекелдер;

Қызғылт сары аймақ – орын алу ықтималдылығы жоғары немесе сараптау нысанындағы сыбайлас жемқорлық деңгейіне ірі әлеуетті әсері бар тәуекелдер;

Сары аймақ – орын алу ықтималдылығы орташа немесе сараптау нысанындағы сыбайлас жемқорлық деңгейіне орташа әлеуетті әсері бар тәуекелдер;

Жасыл аймақ – орын алу ықтималдылығы төмен және (немесе) сараптау нысанындағы сыбайлас жемқорлық деңгейіне елеулі әсер етпейтін тәуекелдер.



ЫҚТИМАЛДЫЛЫҒЫ

*[Handwritten signature]*

Сараптау нысанының тәуекелдер картасы әрбір тәуекелдің салыстырмалы маңыздылығын (басқа тәуекелдермен салыстырғанда) бағалауға, сондай-ақ негізгі болып табылатын, басым тәртіппен және қажет жағдайда шаралар қолдануды қажет ететін тәуекелдерді бөліп көрсетуге, адами және қаржылық ресурстарды бөлуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.